

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Мамандығым - балалардың жүрегіне жол табуЖАРИЯЛАНДЫ
01.03.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/53531/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

«МАМАНДЫҒЫМ» – БАЛААРДЫҢ ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАБУ

Тәрбиеші — балабақша жүрегі болса, оның беделі балабақшаның беделі. Ал, балабақша — мемлекеттің басты тірегі деп айтсақта болады. Олай болса, қазіргі таңда тәрбиеші білікті әрі шебер, ұшқыр ойлы, қабілетті, өз ісін жетік меңгерген болуы керек.

Мен 2004 жылдан бастап Ақтоғай ауылының «Ақбота» балабақшасында жұмыс істеймін. Мамандығым – тәрбиеші, педагогикалық өтілімім – 15 жыл. «Бөбек» кіші тобындағы балалармен жұмыс жасаймын. Өз ұжымым туралы айта кетсем, әріптестерім өте ұйымшыл, білімді, мейірімді жандар және әрдайым кез келген жанға көмек қолдарын созуға дайын тұратын жандар.

Тәрбиеші мамандығының қызығы мен қиындығы қатар жүреді, себебі біз әр баланың өміріне жауаптымыз. Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры тәрбиешілер мен мектеп ұстаздарының қолында десек, артық айтпаймыз. Сондықтан, әрбір ұстаз бұл жауапкершілікті сезінсе, біздің мемлекетіміздің қорғаны нығая түспек.

Балабақшада өткізген әрбір күнім мен үшін қуанышқа толы сәттерден тұрады. Балалардың сыңғырлай күлген дауыстары, тәтті қылықтары, қоршаған ортаны танып білуді мақсат еткен сұрақтары мен жұмысқа келген бетте-ақ «Апай-лап» қарсы алған қуанышты жүздері мазалаған сан түрлі ойлардан арылтып, ерекше шаттық сезіміне бөлейді. «Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар» деп бекер айтылмаса керек.

Біздің жұмысымыздың басты мақсаты – алдымызға келген балаларға дұрыс тәрбие беріп, олардың үлкен өмірге аттағалы тұрған алғаш қадамдарын қадағалау және білімді де парасатты тұлға қалыптастыру. Адам баласының алғашқы ұстазы ата-анасы дейді, алайда бұл жерде тәрбиешінің де алар орны аз емес. Себебі, тәрбиенің қалыптасуы біздің, яғни тәрбиешілердің қолында. Балабақша — балалардың екінші үйі болса, ал тәрбиешілер екінші анасы болып табылады.

Біздің мамандықта ең бастысы – балаларды жақсы көріп, оларды түсінуге тырысу.

Себебі, әрқайсысы әр түрлі мінезде, әр үйдің кенжесі, еркесі және оларды жай ғана жақсы көріп қана қоймай жүрегінді берердей жақсы көру керек.

Балалармен жұмыс жасау – үлкен бақыт. Себебі, тек қана бала ешнәрсеге алаңдамай мейірімділікке сенеді, кішкентай жүрегінде ұялаған үлкен сеніммен бізбен құпияларымен бөліседі. Пәк көңілді балалармен қарым-қатынас қуаныш, шаттық сыйлайды. Тәрбиеші балаға деген ыстық ықыласын бір сөзбен айтып көрсетіп қана қоймай, бар жүрегімен және жан -тәнімен сезіндіреді. Тәрбиешінің жұмысы күрделі де қызықты. Сондықтан, тәрбиеші болу шындығында да, бақыт. Өскелең ұрпаққа тәлімді тәрбие сіңіру, болашаққа жарқын бағыт-бағдар беру, келешекке кемел боларлық ақыл-парасат меңгерту аса жауапты іс екені мәлім.

Қ.Нуркина

«Ақбота» балабақшасының

тәрбиешісі

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.